

## **Кешенді ішкі аудит ұйымдастырылды**

Дулати университетінде 120 құрылымдық бөлімдерде 8-11 қаңтар және 5-9 ақпан аралығында кешенді ішкі аудит ұйымдастырылды. Университет оқытушылары мен қызметкерлерінен 5 аудиторлық топ ішкі тексерулер жүргізді. Аудит барысында 98 құрылымға 266 сәйкессіздік актісі түзілді. Олардың 146-ы – елеулі, 120-ы – елеусіз сәйкессіздіктер. Жойылған сәйкессіздік актілерінің саны - 197 немесе 74 %-ды құрады. Аудит нәтижелері Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып, сәйкессіздіктерді жою бойынша Жол картасы әзірленіп бекітілді.

